



*«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана
жүйесі»ММ
Әдістеме – библиография бөлімі*

ӨМІРДІ ЖЫРЫМЕН ӨРНЕКТЕГЕН



*/Қазақстанның халық ақыны,
айтыскер – ақын, сазгер, жазушы - сатирик, журналист
Қонысбай Әбілдің туғанына 70 жыл/*

Жаднама

*Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі»ММ
Әдістеме – библиография бөлімі*

ӨМІРДІ ЖЫРЫМЕН ӨРНЕКТЕГЕН

*/Қазақстанның халық ақыны,
айтыскер – ақын, сазгер, жазушы - сатирик, журналист
Қонысбай Әбілдің туғанына 70 жыл/*

Жаднама

Арқалық, 2024 ж.

ӘОЖ 011

КБЖ 91

О 57


Құрасты., компьют. терген: С. М. Көшкінбай
Жауапты ред.: Д. Е. Құсайын

Құрастырушы: С. М. Көшкінбай
Шығарылымға жауапты: Д. Е. Құсайын
Мұқабаны безендірген: С. М. Көшкінбай
Редактор: Д. Е. Құсайын


Өмірді жырымен өрнектеген [Мәтін] Қазақстанның халық ақыны, айтыскер – ақын, сазгер, жазушы - сатирик, журналист Қонысбай Әбілдің туғанына 70 жыл толуына арналған) : Жаднама /«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ Әдістеме–библиография бөлімі ; [құраст.; С. М. Көшкінбай; шығарылымға жауапты Д. Е. Құсайын; ред. Д. Е. Құсайын]. – Арқалық : [б.б.], 2024. – 44 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме – библиография бөлімі] Қазақстанның халық ақыны, айтыскер – ақын, сазгер, жазушы - сатирик, журналист Қонысбай Әбілдің туғанына 75 жыл толуына арналған арнап жаднама дайындады. Жаднамаға Қонысбай Әбілдің өмірі туралы, сондай-ақ айтыскердің шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

©Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі,
әдістеме-библиография бөлімі



*Қазақстанның халық ақыны,
айтыскер – ақын, сазгер,
жазушы - сатирик, журналист
Қонысбай Әбіл*



Арқада еңсе көтерген.....



Қазақстанның халық ақыны, сазгер, жазушы - сатирик, журналист Қонысбай Іскендірұлы Әбіл 1954 жылы 21 мамырда Қостанай облысы, Жангелдин ауданының «Еңбек» кеншарында дүниеге келген.

Ол 1971 жылы орта мектепті бітірген соң, аудандық «Жаңа өмір» газетінде корректор болып еңбек жолын бастайды.

Журналист болу оның нақты арманына айналады. Алғашқы балауса жырлары мен қысқа сатиралық әңгімелері мектеп қабырғасында оқып жүрген кезде республикалық «Қазақстан пионері», «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» газеттерінде, «Ара», «Балдырған», «Білім және еңбек» журналдарында жарық көрген болатын. Жас та болса журналистиканың сыры мен қырына үңіле бастаған ол 1972 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түседі. Студенттік жылдары оның очерктері және проблемалық материалдары, жырлары республикалық басылымдарда жарияланады, оның бұл қадамдары болашақта қаламы ұшқыр журналист болатынына сенім ұялата бастайды. Және тағы бір жетістігі – сазгерлік өнері еді. Республикалық студенттік ән байқауларында Қонысбайдың әндері музыка саласының мамандары тарапынан жоғары бағаланады. Оның мектеп қабырғасында жүріп жазған «Бала махаббаты» атты әні торғайлықтардың сүйікті әуеніне айналады.

Талантты жас сазгердің әндерін сол кездерде елге танымал болған «Айгүл», «Адырна», «Шертер» және «Ғасырлар пернесі» ансамбльдері шетел сахналарында орындады. Қонысбайдың әндері қазақ әуендеріне тән өзінің ерекшелігімен, әуездігімен айшықталатын. Көптеген әндері «Ауыл кеші көңілді» жинақтарына енгізілген. Мұндай кереметке сол кездері тек талантты сазгерлер ғана бөлінетін.

1977 жылы Қонысбай қолына журналист мамандығы туралы дипломды алысымен өзінің туған жеріне оралып, өзі еңбек жолын бастаған аудандық «Жаңа өмір» газетіне бөлім меңгерушісі болып орналасады. Екі жылдан кейін, яғни 1980 жылы жас журналист республикалық «Лениншіл жас» газетінің Торғай және Целиноград

облыстары бойынша меншікті тілшісіне тағайындалады. Ал 1985 жылы ол Торғай облыстық «Торғай таңы» газеті редакторының орынбасары қызметіне бекітіледі. Торғай облысы жабылғаннан кейін 1990 жылы Арқалық қалалық «Арқалық таңы» газетінің бас редакторлығы қызметін атқарып, 1991 жылы Торғай облысы қайта ашылғанда облыстық телерадиокомпанияның төрағасы болып бекітіледі. Бұл қызметті бес жыл атқарады. Осы жылдары қонысбай Әбіл облыс мәдениетін көтеруде барынша еңбек етіп, Торғай өлкесінде айтыс өнерінің жандануына сүбелі үлес қосады. Өзі бас болып Торғай айтыс ақындары мектебіне жетекшілік етеді. Айтыс ақыны ретінде Қазақстанның халық ақындары Әселхан Қалыбекова, Әсия беркенова, Монғолиядан келген Тоқтамұрат Жомарт, өзбекстандық Мекембай Омаров, ресейлік Амангелді Жүсіпов, оралдық Қатимолда Бердіғалиев, Ерік Асқаров, Көпбай Омаров, Серік Құсанбаев, тағы да басқа белгілі айтыскерлермен сөз сайыстарына түсті. Ол қатарынан республикалық және халықаралық айтыстарда бес рет басты жүлдені жеңіп алды. Осы орасан еңбегі үшін қазақ айтыс өнері тарихында алғашқылардың бірі болып Қазақстан республикасы Президентінің жарлығымен «Қазақстанның халық ақыны» деген атақты иемденді.

Қонысбай Әбіл 1999 жылы Қазақстан айтыс ақындары мен жыршылар одағы басқармасының төрағасы болып сайланды.

Көрнекті жазушы ретінде де ол оқырмандарға жақсы таныс. Оның «Бастау» («Жалын», 1980), «Көршілер» («Жалын», 1987), «Алаңғасар» («Өнер» 1989), «Қонысбайдың қалжыңдары» («Елорда» 2000), «Жетпіс жетінің жігіттері» («Фолиант», 2001), «Топ жардым туын жықпай туған елдің...» («Фолиант» 2004) атты кітаптары да қаламгерлік шеберлігінің биіктігін таныта түсті.

Қазақстан мәдениетінің көрнекті қайраткері Қонысбай Әбіл 1998 жылдан бастап 2007 жылға дейін Астана қалалық тілдерді дамыту басқармасының бастығы болып қызмет атқарды. Осы жылдар ішінде Елордада мемлекеттік тілдің дамуына, қазақ айтыс өнерінің өркендей түсуіне және шығармашыл жастардың қалыптасуына ұлтжанды азамат тұрғысында зор ықпал ете білді. Ел алдындағы еңбегі үшін «Парасат» орденімен, «Астана» және «Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы» медальдарымен марапатталады.

Қазақстанның халық ақыны Қонысбай Әбіл Арқалық қаласының құрметті азаматы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі.



АҚБЕРГЕН ЖЫРҒА АДАЛДЫҚ
(Айтыскердің шығармашылығы жайлы)

Айтыс – арқалылардың өнері

Ақындық айтыс атам заманнан дәстүр болып жалғасып, классикалық түрге ие болды. Айтыс – ақындық қиял ұшқырлығы мен парасатты тапқырлықтың, биік білгірліктің және өмірге деген өрісті әрі оптимистік көзқарастың самғауы.

Айтыс – жыршы һәм насихатшы жанр. Айтыс – жауынгер жанр, күрескер жанр. Өшіп барып қайта жанғандай, өлеусірегеннен қайта тірілгендей болған жанр, қазір соңғы жылдар ішінде айтыс өнері әжептәуір өркен жайды, өрісін кеңейтті. Бұл күндерде айтыскер ақындарымыздың орта буынына жататын ақын Қонысбай Әбіл айтыскерлер сайысында алғаш рет 1984 жылы Кенен Әзірбаевтың жүз жылдық тойына арналған жыр сайысында республика жұртшылығына төбе көрсетті. Оның үлкен өнердегі бетін әсем жырмен бірге туған Әсия Беркенова ашты. Қазір Қонысбайдың бір басында сәтімен тоғысқан нешеме қасиет бар: табиғи ақындық, талант, композиторлық қабілет, домбырашылық – әншілік және эрудиция. Ең алдымен профессионал ақындықты төкпе ақындықпен тығыз қабыстырған азаматқа көп жылғы журналистік жүйріктігі келіп қол ұшын ұсынады. Бұл үшеуіне білікті эрудиция қосылғанда тапқырлыққа, айтыстыққа, ұшқырлыққа қанат бітірсе, музыканттық мықтылық айтыскерлікті әуенмен әрлендіріп, асқақтатады. Оның әр алуан ырғақпен, әрқилы әуенмен айтысты қыздыруы да үлкенге һәм кішіге өнеге үлгі болар үрдіс. Бусанғанмен бұрлықпау, шамданғанмен шытынамау, қысылғанда да қипақтамау айтысқа түскендердің бәрінің қолынан келе бермейді. Осы аталған мінезділік Қонысбай бойынан табылуы да айтыскер ақын абыройын асыра түседі. Қонысбай Әбіл турнирге қатысушы шахматшы сияқты айтыс алдында әр қырынан ізденіп, кезең – дәуір талаптары тұрғысынан толғанып, ойлар түйетінге ұқсайды. Оның пайымдаулары бағытты әрі арналы келетіні содан.

Қонысбайдың Көкенмен айтысын тыңдағандардың жаппай айызын қандырған мынадай өткір өлең жолдары да ұмытылмас болар:

Көкшені мен жасымнан сүйген едім,
Көңілге қасиетін түйген едім.
Тілімді топ алдында тигізуге,
Ақанның әруағынан именемін.
Сонда да жалғыз ғана айтарым бар,

Демеймін: «Мен көрген соң байқадыңдар».

Кокчетав, Айыртав пен Сандықтавқа,
Өз атын құдай үшін қайтарыңдар.

Тағы да өлеңіне тапқырлықпен қоса жылы юмор көрік беретіні де сүйсіндіреді: Әселханмен айтысында ақын әпкесінің:

- Бөркіңе үкі тағып келгеніңде, үкілі Ыбырай болам деп жүрсің бе? – дегенінде:

Сөз айтса бір – бірінің көркін елеп,
Ойлаушы ем ақындардың еркі ме деп,
Әселхан, тал бойымнан мін таба алмай
Ақыры тиістің – ау бөркіме кеп.

Бөрікке үкі тағу – ырым шығар,
Демеймін оны үлкен мінім шығар.

Үкілі Ыбырайдай болмағанмен,
Қайратқа еліктеген түрім шығар.

Дегенмен: «Сөз шымбайға батады ма?»

Көлеңке түсірмессің атағыма.

Ана жыл Қостанайдың Әсиясы,

Тиісті топ алдында шапаныма.

Жігітке жақсы киім нұқсан ба екен,

Мәнісін бұйырмасан ұқсам бөтен.

Дұрысы қыздарменен айтысқанда,

Мәйкішең домбыра ұстап шықсам ба екен?

Ұшқырлық, қаршыға қарымдылық шынайы айтыскерлерге тән десек, 1987 жылғы көктемде өткен Қарағандыдағы айтыста Шынболат ағасына табан астында қалт жауап қатқаны соның дәлеліндей.

Жеңсем деп Қонысбайды қиялдайсың,

Шүйілсем, күлкіңді сен тья алмайсың.

Торғайға Тұрымтай деп тіл тигіздің,

Батырдың аруағынан ұялғайсың.

Келісті, кестелі сөзді табаққа алтын төккендей сауылдату – сирек құбылыс. Жарасымды жаңа сөз байлаулар Қонысбайда аз емес.әрі қарсыласының қасиетін қастерлей отырып қаржасу да мінезділік, өнер мінезділігі.

Соңыңнан қаптай еріп халық жүрді,

Қол бұлғап шекарадан қалып жүрді.

Өзіңді қолдарынан бір түсірмей,

Отындай олимпиада алып жүрді.

Адамды Олимпиада алауына теңеу атымен жаңа бейне! Немесе Көкшетау хұсни – қырмызылығын сипаттағанда:

Шыңына өрлей өскен қалың ағаш,

Ыбырай үкісіндей жарасады, -

деп үкілі Ыбырай аруағын бір көтеріп тастағандай. Таңылған талант Қонысбай Әбілдің айтыскер ретінде құрметке бөленуі бүкіл халқымыздың биік өнері – айтысқа деген ықылас – пейілі деп қарау керек.

Қазақта «сегіз қырлы, бір сырлы» деген нақыл сөз бар. «Жігітке жеті өнер де аз» деп тағы айтады үлкендер. Міне, осындай халық үміт еткен, сенген, сүйген ұлына айтар қасиеттер Қонысбайдың бір басында бар. Әкенің мейірімі мен ананың аялы алақан жылуынан ерте айырылып, жетім көңіл болып өссе де, өнер қуып, көңілі биіктерді аңсаған балаң перзентіне қасиетті Торғайдың киелі топырағы адамгершілік пен өнер нәрін сіңіре біліпті.

Оның езуіңе күлкі үйіретін әзіл – сықақ өлеңдері мен пародияларын оқығанда бұл саладағы теңдессіз талант, арамыздан ерте кеткен Оспанхан тектес.

Ресторанда асығыста,

Қолына дәу қасық ұстап,

Отыр еді тасып ішіп,

Табан астында басы қышып,

Масақбайдан маза кетті.

Қасықтың сабымен қасып еді,

Отырғандар мазақ етті.

Немесе:

Қазақ:

«Таспен ұрғанды аспен ұр», - дейді.

Ал, мен:

«Баспен ұр», - деймін.

Мынаның есі дұрыс па?

Деп, оқушым ұрыспа.

Төбелескіш бір сотқар,

Аңдып тұрып бұрышта,

Ұрып жықса таспенен,

Қалай мен оған ас берем?

Осындай көңіліңе күлкі құятын мысқыл, әзіл өлеңдері газет – журнал беттерінде жарияланды.

Баласын домбырамен әлдилеп отырып айтқан:

Әкең осы, қиындықты көп көрген,
Ерте кеткен жастық атты көктемнен.
Әкең осы, ғұмырынның жартысын,
Қияметтік дос іздеумен өткерген.

Әкең осы, дастарханы – байлығы,
Айлығына жетпейтұғын айлығы.
Әкең осы, қара суын бөлісер,
Қанша қонақ келсе – дағы қай күні.

Әкең осы, бәйге жолда терлеген,
Шырқап жүрген талай – талай төрде өлең.
Әкең осы, көрсе де өзі қиянат,

Ешкімге де зәбір жасап көрмеген, - деген шумақтары өз бейнесін
өзі салған суретшілердей ақынның өзіндік болмысын, табиғи мінезін
танытады.

Әуені көкейіне жатталып қалған халық айтысының тарланбозы
атанған Қонысбай Әбілұлы тәуелсіз еліміздің елордасы Астанада
болғалы тіліміз бен қазақы тәрбиенің ту ұстаушысындай айтыс,
ақындар кеші, поэзия күндері секілді шараларды ұйымдастырып,
тіліміз бен төл өнеріміздің тамыры тартыла бастаған топырақта еңбек
етуде.

«Топ жардым туын жықпай туған елдің» деп өзі айтқандай,
айтыстың ақтаңгері Қонысбай Әбілұлы қашанда ән мен жырға сусап
отыратын туған халқымызды өнерімен, өлеңімен, адамгершіліктің
аласармас биігінен көрінер мінезімен қуанта бермек!

Қоңысбай Әбілдің шығармалары:

1. Әбіл, Қоңысбай. «Әй - әй» ақын» әлдиі [Мәтін] : сұхбаттар, сұрақ – жауаптар, ой бөлістер / Қоңысбай Әбіл. / Астана : Сарыарқа, 2008. – 248 б.
2. Әбіл, Қоңысбай. «Жетпіс жетінің» жігіттері [Мәтін] : повестер мен әңгімелер / Қоңысбай Әбіл. / Астана : Фолиант, 2001. – 248 б.
3. Әбілев, Қоңысбай. Алаңғасар [Мәтін]: скетчтер, интермедиялар, әңгімелер / Қоңысбай Әбілев. / Алматы : Өнер, 1990. – 176 б.
4. Әбілев, Қоңысбай. Көршілер [Мәтін] : әңгімелер және повесть / Қоңысбай Әбілев. / Алматы : Жалын, 1988. – 144 б.





Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

2014

5. Әбіл, Қонысбай. Жадымдағы жазбалар [Мәтін]: [ақын Қайнекей Жармағамбетов туралы] / Қонысбай Әбіл // Қостанай таңы. - 2014. – 22 тамыз. – Б. 5.

2002

6. Әбілов, Қонысбай. Жылым жылқы, өмірім бәйге менің [Мәтін] : [өлең] / Қонысбай Әбілов // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 2 желтоқсан. – Б. 4.
7. Әбіл, Қонысбай. Қонысбайдың қалжыңдары [Мәтін] : [әзіл - қалжыңдар] / Қонысбай Әбіл – Астана : Елорда, 2000. – Б. 44.

1996

8. Әбіл, Қонысбай. Балам саған айтамын... [Мәтін] : [өлең] / Қонысбай Әбіл // Торғай таңы. - 1996. – 24 сәуір. – Б. 4.

1994

9. Әбіл, Қонысбай. Арнау [Мәтін] : [өлеңдер] / Қонысбай Әбіл // Торғай таңы. – 1994. – 18 маусым. – Б. 3.
10. Әбіл, Қонысбай. Тұлпар – дәуренім, аударып бір күн кетпегей [Мәтін] : [өлең] / Қонысбай Әбіл // Торғай таңы. – 1994. – 4 қазан. – Б. 4.

1993

11. Әбілов, Қонысбай. Дүбірлі той өткізу еліме сын [Мәтін] : [өлеңдер] / Қонысбай Әбілов // Торғай таңы. – 1993. – 4 қыркүйек. – Б. 4.
12. Әбілов, Қонысбай. "Сырымды сығып алдың-ау" [Мәтін] : [сатирик Қонысбай Әбілмен сұхбат] / Қонысбай Әбілов; сұхб. Сапар Әбілқәкімтегі // Торғай таңы. – 1993. – 1 сәуір. – Б. 3.

1992

13. Әбілов, Қонысбай. Құдағидың қаны [Мәтін] : [сықақ әңгіме] / Қонысбай Әбілов / Торғай таңы 1992. - 31 наурыз. – Б. 3.
14. Әбілов, Қонысбай. Қош аға [Мәтін] : [өлең] / Қонысбай Әбілов // Торғай таңы. – 1992. – 15 ақпан. – Б. 4.

1991

15. Әбілов, Қонысбай. Тәбәрік [Мәтін] : [сықақ] / Қонысбай Әбілов // Торғай таңы. – 1993. – 1 сәуір. – Б. 3.
16. Әбілев, Қонысбай. «Сырымды сығып алдың - ау» [Мәтін] : [сықақ Әңгіме] / Қонысбай Әбілев // Торғай таңы. – 1993. – 1 сәуір. – Б. 3

1990

17. Әбілов, Қонысбай. Ел атынан алғыс [Мәтін] : [арнау өлең] / Қонысбай Әбілов // Арқалық таңы. – 1990. – 21 тамыз. – Б. 3.
18. Әбілов, Қонысбай. Желді күн, Жас ару [Мәтін] : [өлеңдер] / Қонысбай Әбілов // Жұлдыз. – 1990. – № 6. – Б. 74.
19. Әбілов, Қонысбай. 14 жасар сәбидің сөзі; Аралдың ананың әлдиі; Еліңнің айналсаң да тұлпарына [Мәтін] : [өлеңдер] / Қонысбай Әбілов // Лениншіл жас. – 1990. – 19 шілде. – Б. 4.
20. Әбілов, Қонысбай. Арнау сөз [Мәтін] : [өлең] / Қонысбай Әбілов / Қазақ әдебиеті. – 1990. – 13 шілде. – Б. 4.
21. Әбілов, Қонысбай. Күй құдіреті [Мәтін] : [әуесқой композитор Айтбай Мұздахановтың шығармашылық кеші туралы] / Қонысбай Әбілов // Арқалық таңы. – 1990. – 3 шілде. – Б. 3.
22. Әбілов, Қонысбай. Парасат жарасады шын ақынға [Мәтін] : [Қост обл. ақыны Қ. Әбілов пен алматылық ақын Е. Асқаровтың айтысынан] / Қонысбай Әбілов, Ерік Асқаров // Алматы ақшамы. – 1990. – 6 сәуір. – Б. 4.

1988

23. Әбілов, Қонысбай. Жас журналистке көмек [Мәтін] : [сықақ әңгіме] / Қонысбай Әбілов // Қазақ әдебиеті. – 1988. – 15 маусым. – Б. 4.
24. Әбілов, Қонысбай. Көршілер [Мәтін] : [әңгімелер мен повестер] / Қонысбай Әбілов // Алматы. – Жалын, 1988. – Б. 144.
25. Әбілов, Қонысбай. Ән әлдиі [Мәтін] : [сазгер Бақытжан Сәуекеновтің жанұялық ансамблі туралы] / Қонысбай Әбілов // Торғай таңы. – 6 ақпан. – Б. 4.
26. Әбілов, Қонысбай. Балалар үйінен қанат қаққан [Мәтін] : [отыз қыздың үшеуі жайлы сыр] / Қонысбай Әбілов // Торғай таңы. – 1988. – 16 қаңтар. – Б. 3.
27. Әбілов, Қонысбай. Нұрқан ақын [Мәтін] : [өлеңдер] / Қонысбай Әбілов // Жұлдыз. – 1988. – №1. – Б. 88.

1987

- 28.Әбілов, Қонысбай. Петроның пельмені [Мәтін] : [сықақ әңгіме] / Қонысбай Әбілов // Торғай таңы. – 1987. – 28 тамыз. – Б. 4.
- 29.Әбілов, Қонысбай. Мен қалай мылқау болдым [Мәтін] : [сықақ әңгіме] / Қонысбай Әбілов // Торғай таңы. – 1987. – 1 сәуір. – Б. 4.
- 30.Әбілов, Қонысбай. Ауыз жайлы жиналыс [Мәтін] : [өлеңдер] / Қонысбай Әбілов // Торғай таңы. – 1987. – 7 ақпан. – Б. 4.

1986

- 31.Әбілев, Қонысбай. Коммунистер [Мәтін] : [өлеңдер] / Қонысбай Әбілев // Торғай таңы. – 1986. – 5 сәуір. – Б. 4.
- 32.Әбілев, Қонысбай. Коммунистер [Мәтін] : [өлеңдер] / Қонысбай Әбілев // Торғай таңы. – 1986. – 5 сәуір. – Б. 4.

1985

- 33.Әбіл, Қонысбай. Қоштасу [Мәтін] : [өлең] / Қонысбай Әбіл // Торғай таңы. – 1985. – 14 желтоқсан. – Б. 4.
- 34.Әбілов, Қонысбай. Қамыс сыбызғы [Мәтін] : [ұлттық музыка аспаптарының өмірге қайта келуі] / Қонысбай Әбілов // Лениншіл жас. – 1985. – 19 қаңтар. – Б. 4.
- 35.Әбілов, Қонысбай. Ерлікке толы екі күн [Мәтін] : [Торғай обл.Жанкелдин ауданы "Шилі совхозының шопаны Б. Бекежанов туралы] / Қонысбай Әбілов // Лениншіл жас. – 1985. – 5 қаңтар. – Б. 4.
- 36.Әбілов, Қонысбай. Тез операцияға [Мәтін] : [облыстық ауруханасының хирургі Қ. Әбілдиннің өмірінен] / Қонысбай Әбілов // Лениншіл жас. – 1985. – 1 қаңтар. – Б. 3.

1984

- 37.Әбілов, Қонысбай. Жаңа жетістіктерге құлшынған [Мәтін] : [Торғай обл. комсомол комитетінің конф.] / Қонысбай Әбілов // Лениншіл жас. – 1984. – 27 желтоқсан. – Б. 4.

1979

38.Әбілов, Қонысбай. "Әдет" [Мәтін] : [сықақтар] / Қонысбай Әбілов // Торғай таңы. – 1979. – 14 шілде. – Б. 4.

1978

39.Әбілов, Қонысбай. Жеңгейден жазып алдым; Дүниеқор; Баяндама [Мәтін] : [өлең] / Қонысбай Әбілов // Торғай таңы – 1978. – 18 қараша. – Б. 3.

40.Әбілов, Қонысбай. Дүниеқор [Мәтін] : [өлең] / Қонысбай Әбілов // Торғай таңы. – 1978. – 18 қараша. – Б. 3.

41.Әбілов, Қонысбай. Баяндама [Мәтін] : [өлең] / Қонысбай Әбілов // Торғай таңы. – 1978. – 18 қараша. – Б. 3.

Ол туралы

42. Кенжеахмет, Жасұлан. "Іні болған күндерін сағынатын" [Мәтін] : [Қонысбай аға 60-та] / Жасұлан Кенжеахмет // Арқалық хабары. – 2014. – 12 қыркүйек. – Б. 3.
43. Мендібай, Сәлім. Армысың, әй – әй ақын! [Мәтін] : [Қазақстанның халық ақыны Қонысбай Әбіл 60 жаста] / Сәлім Мендібай // Қостанай таңы. – 2014. – 20 мамыр. – Б. 6.
44. Аязбеков, Жанұзақ. Торғайда бір ақын бар Қоныс деген... [Мәтін] : [Қазақстанның халық ақыны Қонысбай Әбіл 60 жаста] / Жанұзақ Аязбеков // Қостанай таңы. – 2014. – 22 тамыз. – Б. 4.
45. Нұршайықов, Әзілхан. Жүрекжарды лебіздер [Мәтін] : [«Топ жардым туын жықпай туған елдің» кітабы туралы] / Әзілхан Нұршайықов // Қостанай таңы. – 2014. – 22 тамыз. – Б. 4.
46. Әлімбаев, Мұзафар. Жүрекжарды лебіздер [Мәтін] : [ақын Қонысбай Әбіл туралы] / Мұзафар Әлімбаев // Қостанай таңы. – 2014. – 22 тамыз. – Б. 4.
47. Оңғарсынова, Фариза. Жүрекжарды лебіздер [Мәтін] : [ақын Қонысбай Әбіл туралы] / Фариза Оңғарсынова // Қостанай таңы. – 2014. – 22 тамыз. – Б. 4.
48. Тарази, Әкім. Жүрекжарды лебіздер [Мәтін] : [ақын Қонысбай Әбіл туралы] / Әкім Тарази // Қостанай таңы. – 2014. – 22 тамыз. – Б. 4.
49. Асқаров, Ерік. Алатаудай асқағым [Мәтін] : [ақын Қонысбай Әбіл туралы] / Ерік Асқаров // Қостанай таңы. – 2014. – 22 тамыз. – Б. 5.
50. Есдәулет, Ұлықбек. Жүрекжарды лебіздер [Мәтін] : [ақын Қонысбай Әбіл туралы] / Ұлықбек Есдәулет // Қостанай таңы. – 2014. – 22 тамыз. – Б. 5.
51. Қалиев. Айбек. Жүрекжарды лебіздер [Мәтін] : [ақын Қонысбай Әбіл туралы] / Айбек Қалиев // Қостанай таңы. – 2014. – 22 тамыз. – Б. 5.
52. Шаяхметов, Ақылбек. Жүрекжарды лебіздер [Мәтін] : [ақын Қонысбай Әбіл туралы] / Ақылбек Шаяхметов // Қостанай таңы. – 2014. – 22 тамыз. – Б. 5.
53. Әбілқәкімтегі, Сапар. Еліне жүр еркелеп [Мәтін] : [ақын Қонысбай Әбіл туралы] / Сапар Әбілқәкімтегі // Қостанай таңы. – 2014. – 22 тамыз. – Б.
54. Әбіш, Дамир. "Қос айқай" [Мәтін] : [жаңа кітап туралы] / Дамир Әбіш // Қостанай таңы. – 2013. – 2 қазан. – Б. 9.

55. Жақсылыққызы, Айбарша. Жазба поэзия мен айтысты салыстыруға болмайды [Мәтін] : [айтыскер ақын Айбек Қалиевпен сұхбат] / Айбарша Жақсылыққызы / Жұлдыздар отбасы. – 2012. – № 16. – Б. 30–31.
56. Әбілкәкімтегі, Сапар. Қонысбайдың қалжыңдары [Мәтін] : [әзіл әңгіме] / Сапар Әбілкәкімтегі // Егемен Қазақстан. – 2009. – 23 мамыр. – Б. 4.
57. Есілбай, А. Топ жардым туын жықпай ана тілдің... [Мәтін] : [ақын Қ. Әбілов туралы ғұмырнама] / А. Есілбай // Қазақстан әйелдері. – 2004. – №7. – Б. 5–6.
58. Әмірбек, К. «Әркімнің өзіндік беті болғанға не жетсін...» [Мәтін] : [ақын Қ. Әбіловпен сұхбат] / К. Әмірбек // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 21 мамыр. – Б. 9–11.
59. Шайманұлы, С. Сыр [Мәтін] : [Қазақстанның халық ақыны Қонысбай Әбіловпен сұхбат] / С. Шайманұлы // Түркістан. – 2004. – 20 мамыр. – Б. 7.
60. Оңғарсынова, Фариза. Айтыстың ақтаңгері [Мәтін]: [Қазақстанның халық ақыны Қонысбай Әбіл туралы] / Фариза Оңғарсынова // Егемен Қазақстан. – 2004. – 19 мамыр. – Б. 8.
61. Жұмағалиев, Қ. Айтыс ақтаңгері [Мәтін] : [ақын Қ. Әбілов жайлы] / Қ. Жұмағалиев // Астана. – 2004. – № 2. – Б. 30–31.
62. Байырбек, Н. Бір әріптесімді жекпе – жекке шақырып қалуым мүмкін [Мәтін] : [халық ақыны Қ. Әбіловтың айтысы] / Н. Байырбек // Жас Алаш. – 2003. – 5 наурыз. – Б. 4.
63. Әбілкәкімтегі, Сапар. Қонысбай ақын айтыпты... [Мәтін] : [сықақ - әңгімелер] / Сапар Әбілкәкімтегі // Қостанай таңы. – 1999. – 9 қараша. – Б. 4.
64. Әбілкәкімтегі, С. Бас бәйге - Қонысбайда [Мәтін] : [Қазақстанның халық ақыны Қонысбай Әбілмен сұхбат] / С. Әбілкәкімтегі // Торғай таңы. – 1995. – 29 сәуір. – Б. 4.
65. Сәтбаев, Таңатқан. Тың қала туған мекенім [Мәтін] : [ән] / Таңатқан Сәтбаев, Қонысбай Әбілов // Торғай таңы. – 1980. – 28 маусым. – Б. 4.

Естелік фото - суреттер



«Қазақстан» телеарнасының мерейтойы



Ә. Нұршайықов пен Қ. Әбіл



Шәмші әні шырқалғанда...



Ән қанатында...



Ақындар Ғ.Жайлыбаев, Г.Салықбаева, Қ.Әбіл



Шымкент жеріндегі шырайлы кездесу (2007 ж.)



Қ.Әбіл және Т.Мұхамеджанов (2004 ж.)



Қостанай облысының әкімі С.Кулагиннің құттықтауы (2005 ж.)



*Астана қаласының әкімі Ө.Шөкеев
«Парасат» орденін тапсырып тұр.(2004ж.)*



Сейіт Кенжеахметұлы, Ф.Оңғарсынова, Қ.Әбіл



*Б.Қожахметов, ақынның жары Мүнира,
ақын Ұ.Есдәулет және Қ.Әбіл*



Т.Дуанбек, Қ.Әбіл, А.Бектемісов



ЖЫР- ҚАНАТЫҢ ТАЛМАСЫН!

- *Өлеңдер*
- *Арнаулар*
- *Әзілдер*

ҚОНЫСБАЙҒА

Бұл күнде кім білмейді Қонысбайды,
Айтыстың асқақ туын ол ұстайды.
Көзқаман, мәңгүрттік пен бұрынғыдай,
Ол енді сахнада соғыспайды.

Жасынан тіл қамына қанық болған,
Қарымы қаршадайдан анықталған.
Тіл үшін сотталып та кете жаздап,
Газеттер ара түсіп, алып қалған.

Жасынан ерте қағып жыр қанатын,
Жебейтін пірі болған Нұрхан ақын.
Ғафаң мен Сырағаңның сері інісі,
Әні мен өлеңінен нұр таматын.

Мал емес, дарын біткен Қонысбайға,
Ән қуған, қуаламай табыс, пайда.
Баяғы аспандаған дауыс қайда,
Қайтадан өз халқымен қауышпай ма?

Келетін елуіне пенделердің,
Қонысжан, мен де келдім, сен де келдің.
Осылай ән – жырыңмен жүзге де жет,
Құттықтап сонда тағы қол берермін.

ЖЫР ЖҮЙРІГІ

Жыр – өрнек сұлу өнерлі өмір өлшемі,
Таниды дәйім «әй -әй» деп, ақын ел сені.
Қырыққа – дағы қия алмай жүрсек бәріміз,
Елуді сен де еңсеріп қапсың еңселі.

Айтысқа салған іздерің емес бұлыңғыр,
Айшықты жыр боп жарған – дысенің гүлің бүр.
Тобына қосты тұлпардың қамшы салдырмас,
Тағасын дана Торғайда таққан құлын жыр.

Жауқазын жырды шалдырмай қырау салқынға,
Ерікті бердің бойдағы қуат –қарқынға.
Желкілдеп үкің, жігіт боп елге танылып,
Елуге келіп, боп қалдың , Қоныс, нар тұлға.

Сәулесі ойнап, жүзінде арай нұр таңның,
Сахнада сәнді «әй-әйлап» талай бұрқандың.
Тамсанып дала, таңданып жұртың қол соқты,
Жалғасын көріп көмейі өлең Нұрханның.

Шапағат көрдің басынды иген киеден,
Жыр – бесік болып тербейді сені жиі өлең.
Мекенің кеңсе, шенеунік шекпен кисең де,
Қалыңдай берсін қанарың өлең тиеген.

Бал тамып тілден, көмейге әсм ән тұнды,
Жанарың шашып жігерлі жастық жарқылды.
Өкініш көрмей өнермен өлшер ғұмырда,
Жырыңмен жақұт қуанта берші халқынды.

АЛАТАУДАЙ АСҚАҒЫМ
Қонысбай Әбілге

Алатаудай асқағым,
Аңсап жүрмін мен сені;
Көкшетаудай көріктім,
Көксеп жүрмін мен сені.

Жүз найзаның ұшында
Жалғыз жаның шырылдап,
Құлағымның тұсында
Құлан даусың құлындап.

Таусылғандай амалың,
Шақырасың сен мені;
Көрешегі ағанның –
Інінің де көргені.

Сөзге тіккен жамбыны
Жатып атқан мергенім;
Өлең десе – даңғылым,
Әнге салсам – зергерім.

Талай қазақ табынар –
Әнің – шекер, жырың – бал;
Сені мендей сағынар
Алты алашта кімің бар?..

ЖЫР - ҚАНАТЫҢ ТАЛМАСЫН

Іскендіров Қоныс еді басында,
Қалам алды дәл он екі жасында.
Он бесінде анаға арнап ән жазып,
Алты алашқа абыройын асырды, а?..

Содан кейін болып алды Әбілов.
Өлең - жырдың бәйгесінен табылып.
Іскендіров, Әбілові қайсы деп,
Халық қалды айыра алмай сабылып.

Өскеменнен Мүнираға үйленіп,
Тез өзгерді прозалық күйге еніп.
«Петроның пельменін» де пісіріп,
Шаруаға қалыптасты үйреніп.

Алғашында атанған – ды жас ақын,
Кейін болды халық ақыны, бас ақын.
Жүрген жері шапан, абырой, арғымақ,
Өлеңі өзен арнасындай тасатын.

Домбыраны әртістердей тартады,
Сазгерлігі одан сайын артады.
Әдемі әуен әуелейді аспанда,
Сағынғанда торғай елі, Арқаны.

Ақындықты серік етіп алғансын,
Ешқашан да жыр – қанатың талмасын.
Атасының аруағы демеу боп,
Нұрхан ұлың өнеріңді жалғасын.

17 ақпан 1996 жыл.

Жырмен жұбату

Е, ҚОНЫСБАЙ БАУЫРЫМ

Сенің де көңілің жаралы,
Менің де көңілім жаралы.
Жаралы демей бұл жалған,
Жарқылдап зулап барады.
Ажал деген айдаһар,
Ашылса тоймас араны.
Уақыт деген емші бар,
Күндерді емдер қаралы.
Қара тасты қақ бөлер,
Қайғының да бар амалы.
Көтерер деп тәңірім,
Қайыспас нарға салады.
Сол нардың сенде бірісің,
Боздатқан даусы даланы.
Қыз қайғысы оңай ма,
Иесіз қалса аралы.
Ақ пейіл ақын Әзімбек,
Арыстай Ерік Асқаров
Деп пе едік төмпек болады.
Отызында әкетті
Оразалыдай баланы.
Еріксіз пенде екенбіз,
Өмірдің аз күн қонағы.
Оңтүстікке келдің, Қонысбай,
Тасташы барлық наланы.
Қуанайықшы бір көріп,
Қызғалдақ жауған даланы.
Қош келдің, бауырым, қош келдің,
Айтарым саған көп әлі.

ҚОС ТІЗГІН

Екеуді қарап тұрмай қара басты,
Болмашыға дауласып жағаласты.

«Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» емес,
Бұл бір егес.

- Жоқ, оның аты – жөні – Қоныс Іскендіров.
- Немене, үйіңнен жіберіп пе ең түстендіріп?!
- Ал сен жерден көтеріп алып па ең,
- Табаныңнан сабылып?
- Суретін көргем.
- Қайдан?
- Айдан (нервісі қағынып).
- Қайдан болушы еді газеттен.
- Ныспысы – Қонысбай Әбілов.
- Сатирик пе?
- Сатираңа үш қайнаса сорпасы қосылмайды,
- Әуесқой композитор, музыкант. – деп кекуі
- Қызыл кеңірдек болып дауласып жатты.
- Көрместей болып жауласып жатты.

Ал Қонысбай болса тізгінді қағып жүр,
Өніменен жұбатып, сықағымен шағып жүр.

ЖҮРЕКЖАРДЫ ЛЕБІЗДЕР

«Қонысбайдың бір басында сәтімен тоғысқан нешеме қасиет бар. Табиғи ақындық, талант, композиторлық қабілет, домбырашылық – әншілік және эрудиция. Ең алдымен профессионал ақындықты төкпе ақындықпен тығыз қабыстырған азаматқа көп жылғы журналистік жүйріктігі келіп қол ұшын ұсынады. Бұл үшеуіне білікті эрудиция қосылғанда тапқырлыққа, айтыстыққа, ұшқырлыққа қанат бітірсе, музыканттық мықтылық айтыскерлікті әуенмен әрлендіріп, асқақтатады. Ешкінің асығындай шапаты шымыр иірілетін шалттық бір көргеннің де көзіне түседі – ақ!»

***Мұзафар Әлімбаев,
ақын***

«Сол топ жарған майталман ақындардың арасында сахнада өзін ұстауымен, келбет – көркімен ерекше дара көрінетін бір жайсаң жігіт болды. Ол Қонысбай Әбілов болатын. Қонысбайды сахнада көрген ел «Біржан салдар дәл осындай болған шығар» деп сүйсіне таңырқайтын.

Қонысбай дәл осылай ел құрметіне, салалы пікір, салиқалы талғамымен сөз түсінер үлкен мен кішінің көңілін жаулап алды. Біздің жазба ақындарды айтам, пәлен кітап шығарсақ та, бүкіл халыққа танымал бола алмай жүргенімізде айтыскерлердің ел – жұрттың ықыласына бірден бөленгеніне қызғанышпен қараған кездерімізде болды».

***Фарида Оңғарсынова,
ақын***

«Бүгінде жас Нұрхан атанған Қонысбай Әбіл кешегі Нұржан, Нұрхан, Омарлардың, Жамбыл менен Кенен аталарының өнерін лайықты жалғастырып келе жатқан ізбасарлар, бетбұрыс кезеңде қалыптасып отырған ақындық мектептің, әсіресе жастар мектебінің алдыңғы сапында келе жатыр, жаңалықтың хабаршысы болып отырған айтыс өнерінің белді де беделді өкілдерінің бірі».

***Ақылбек Шаяхметов,
Ақын***

Торғайдан түлеп, топ жарған... (жазушы Қонысбай Әбіл жайлы жылы естеліктер)



Торғайдан түлеп ұшып, қазақ көгінде қалықтаған қыран, әй-әйімен айтыста қазағын әлдилеген ақын еді. Ақтаңгер ақын, сазгер, журналист Қонысбай Әбіл 69-ға қараған шағында өмірден өтті. Торғай топырағынан шығып, алты Алаштың ардақтысына айналған тұлға еді. Ол арқалы ақын ғана емес, қаламы жүйрік журналист ретінде де танылды. Әр жыл-дары түрлі басылымда еңбек етті. «Торғай таңы» газеті редакторының орынбасары, «Арқалық таңы» газетінің редакторы, Торғай облыстық теле-радио-компания-сының төрағасы секілді бір-қатар жауапты қызметтерде болды. Ұлт руханиятының өркендеуіне айрықша үлес қосты. Халық ақыны атанды. Өрелі өнер иесі

Айтыс өнерінің тұтас дәуіріне айналған Қонысбай Әбіл ағам да Алланың алдына қайтыпты. Бала кезімізден осы ағалары-мызға еліктеп ержеттік. Ең алғаш Қоныс ағамның мақамына салып айтысқа шыққаным жүрегімнің төрінде. Төл өнеріміздің төрінде ешкімге ұқсамайтын өз болмысын қалыптастырды. Жүрген жерін думанда-тып, күлдіріп жүретін еді. Торғайда туып, Алаштың аяулы ақыны бола білді. Ұлт ру-ханиятының өркендеуіне елеулі үлес қосты. Сан қырлы өрелі өнер иесі еді. Мәңгілік қонысың жұмақтың төрі болсын! Алдың пейіш, артың кеніш болсын! Бақұл бол, асыл ағам!

Аманжол ӘЛТАЕВ, Мәжіліс депутаты

Оның мақамының өзі ерекше болатын Біздің айтыс ақындарының көш-басында тұратын Әселхан Қалыбекова, Қонысбай Әбіл, Әсия Беркенова өткен ғасырдың 90-жылдары республикалық айтысқа шыққанда алғаш танысқан ақындарымыз еді. Айтыстағы ең алғаш айтысқан жұбым да Қонысбай Әбіл еді. Содан бері ағалы-інілі болып, араласып келе жатыр едік. Ажалға тоқтау бар ма?! Көз көрген адамдардың қатары сиреп бара жатқанына өкінесің. Былтыр Әселхан апамыздан айырылып қалдық. Биыл Қонысбай ақыннан айырылып жатырмыз. Өмір өз арнасымен ағар, бірақ айтыс са-ласының көш басында тұрған аға-апа-ларымыздың өмірден беймезгіл кетіп жат-қаны қабырғамызға батады. Қонысбай ақын қарсыластарының ешқайсысын маңдайынан шертіп, біреуін ренжіткен ақын емес. Кіммен айтысса да, бәрінің қас-қабағына қарап отырып, жүрегіне салмақ салмаған ақын. Әселхан апамыз-бен айтысқан кезде баяғыда: «Дұрысы қыздармен айтысқанда, домбыра ұстап, әшейін шықсам ба екен» дегені бар еді. Соның өзі сатираға құрылған, юморлығы басым, халықтың жанына жұмсақ, тілге жеңіл сөздерді айтатын еді. Айтыста ол көтерген

әлеуметтік мәселе өте көп. Тіпті, Торғай жабылғанда бозторғайдай шырылдап: – Құдайым алам десе қоймайды екен, Жығылған күреске де тоймайды екен. Үкіметтің басына кім келсе де, Торғайды ашып-жауып ойнайды екен, – дегені әлі есімізде... Оның айтыстағы мақамының өзі ерекше еді. Оның айтқан әзіл-қал-жы-ңы-ның бәрі енді аңыз-әпсанаға айналып қалды. Қонысбай ақын біздің мәңгі жү-регімізде сақталады. Қонысбай Әбіл, Есенқұл Жақыпбек, Әселхан апала-ры-мыздың орны бөлек еді. Өмір деген сол: «бір жығылып, бір тұрасың, қатарың кетсе, тойдан да қаласың» деген. Асыл ағаның жаны жәннатта болсын! Бақұл бол, ардақты ақын!

Айтақын БҰЛҒАҚОВ, ақын

Айтыстың даусыз жүйрігі еді... Қонысбай аға туралы өткен шақта сөй-лейміз деп ойладық па? Тіпті, естелік жаза-мын деп те ойламаппын. Ағамыз үнемі жарқылдап күліп, айналасын да күлкіге көміп жүретін жайдары жақсы адам еді ғой. Суырыпсалма шешендігі, табан астында тауып айтатын айтқыштығы бөлек еді. Сонау 80-жылдары айтыс алғаш эфирге шыққанда соның аяққа тұруына өл-шеусіз еңбек сіңірген бір қауым ақын-дардың қатарында Қонысбай ағаның қол-таңбасы анық көрінеді. Отызды орталаған шағында Әселхан Қалыбекова, Әсия Бер-кенова сияқ-ты замандастарымен қатар «Қазақ-станның халық ақыны» ата-нуының өзі сол еңбегінің, күмәнсіз талан-тының же-місі еді. Қазіргі айтыстың ақсақалы Жүр-сін Ерман ағамыз әлеуметтік желідегі жазбасында: «Айтыстың жаңғыруына, қайтадан түлеуіне көп үлес қосқан тұлға еді. Осы өнердің көне дәстүрлерін жаңа дә-уірге лайықтап, Нұр-қанның атын ардақ-тап өткен қайран Қо-нысбайдан да өтті бұл дәурен!» деп өзегін өртеген өкінішін ақ-тарыпты. Қоныс ағамыз шындығында көзі жұмылғанша атақты халық ақыны Нұрқан Ахметбековті өзіне пір тұтып, тектілердің тал бесігі Торғайын жырмен әлдилеп өтті. Торғайды «ашып-жауып» ойнаған шенеу-ніктерді айтыстарда аямай шенеді, зама-нында қа-зақты қойдай қырған Ермактың ескерткішін құлатуға жырымен үлес қос-ты. 1990 жылы қазіргі Республика сарайында өткен Наурыз ай-тыста алдаспан ақын Ерік Асқаровпен айтысып, әлі тағынан тай-маған Кеңестер Одағының басшысы Горбачевті де сынның садағына алды. Ол айтыс атамұра өнеріміздің тарихында алтын әріппен жазылған қай-таланбас құндылыққа айналды. Қонысбай аға қарсыласына қатты сөз айтпай, аялап отырып айтысатын ақын еді. Не болса да әділетін айтуға тырысатын. Бі-реуге тілмен жазықсыз қиянат жасауға қарсы еді. Өзі де бір айтысында өзінің осы мінезі туралы: – Қашанғы қалыптасқан тәртіппенен, Атымның ауыздығын тартып келем. Біреуге жазықсыз тіл тигізгеннен, Өзім сөз естігенді артық көрем, – деп жырлаған екен. Бұл ақынның бір ерекшелігі десе болады. Бірақ ұлттың мә-селесіне келгенде арқаланып, төгіп-төгіп жіберетін дауыл жыры бар еді. Қонағаңның ол мінезі шәкірті Айбек Қалиевке де дарып, биязы мінезімен бипаздап отырып-ақ халықты талай дүр сілкіндіргенін көзқа-рақты көрермен жақсы біледі. Астана Арқаға қоныс аударғанда ол сая-си орталық қана емес, айтыстың да алтын діңгегіне айналды. 2000-жылдары айтыс аламанының алдын бермей жүрген Аманжол Әлтаев, Дәулеткерей Кәпұлы, Балғынбек Имашев, Айбек Қалиев, Жібек Болтанова, Шырынбек Қойлыбаев, Ринат Зайытов, тағы

басқа ақындар елордаға жиналды. Кейін бұл қатарды Айнұр Тұр-сынбаева, Әсем Ере-жеқызы, Еркебұлан Қайназаров, Иранғайып Күзембаев, Сара Тоқтамысова, Мұхтар Ния-зов, Өміржан Көпбосынов, Нұр-мат Ман-сұ-ров, Жан-дар-бек Бұлғақов, Ме-йірбек Сұлтан-хандар толықтырды. Солардың барлығының көш басында халық ақыны Қонысбай Әбілев тұрды. Астана қаласының Тілдерді дамыту басқармасының алғашқы басшысы болып, талай аламан айтыстарды ұйымдастыруға ұйытқы болды. Елорданың қазақша-ла-нуы-на, ұлттық руханияттың орнығуына көп жұмыс істеді. Соңынан ерген ай-тыс-тағы ізбасар іні-қарындастарының әлеу-меттік жағдайына да қол ұшын созып жүрді. Алғашқы лек ақындардың қатарында келген маған бұрын сырттай ғана танытын Қонысбай ағамен қоян-қолтық араласуға мүмкіндік туды. Талай ұзақ сапарға бірге шы-ғып, отбасымен де жақын араласып кет-тік. Көкшетаулық халық ақыны Көкен Шә-кеев туралы тамсанып айтқан талай әңгімесін тыңдадым. Торғайдан шыққан тұлғалар туралы таңды таңға ұрып айтатын. Бір са-парда қазақтың дүлдүл ақыны Ғафу Қайыр-бековтің қызықтарын айтып ішек-сілемізді қатырып еді. Өзінің сатирик-ті-гімен қатар, кейіпкерінің дауысын салып тұрып айтатын пародистік те қабілеті бо-латын. Сапарға бірге шықсақ жалық-пайтынбыз. Ішіндегісін бүк-пей, әңгімесін ақтарылып айта беруші еді. Өзінің жалғыз ұлы Нұрқанның мектебінде өтетін ша-раларға мені шақырып алатын. Ата-ана-лардың жиналысында «біздің аты-мыздан Нұрқанның ағасы, шәкіртім Серікзат өлең айтады» деп жаздырып қоятын. Қонысбай ағаның журналистік қыз-метін, жазба поэзиядағы орнын за-ман-дастары жақсы біледі. Республикалық, облыстық газеттерде тілші болғаны, Тор-ғай облыстық телевизиясын ашқаны өз алдына ұзақ әңгіме. Қамшының сабындай қысқа ғұмырда ұлтының жоғын жоқтап өтті. Со-ңында абыройлы ісі мен ақындық үні, азаматтық сөзі қалды. Енді асыл аға-мыздың «айналайын» деп тұратын жұмсақ дауысын сағынатын болдық. Жатқан же-ріңіз жарық болсын, қадірлі Қоныс аға! Біз сіздің жар-қын бейнеңізді ұмытпаймыз.

Серікзат ДҮЙСЕНҒАЗЫ, ақын, Жазушылар одағының мүшесі

Жазушы Шығармашылығы

Алғашқы өлеңдері мектеп қабырғасында жүргенде республикалық газет-журналдарда жарияланған. Қазақстанның халық ақындары Көкей Шәкеев, Әселхан Қалыбекова, т.б. суырып-салма саңлақтармен сөз сайыстарына түскен. 1990 жылы Ташкент қаласында Балқы Базардың 150 жылдығы құрметіне өткізілген Орта Азия және Қазақстан ақындарының айтысында бас бәйгеге ие болып, осы жылғы республикалық ІІІ ақындар айтысында жеңімпаз атанды. Сондай-ақ С.Торайғыровтың, Б.Майлиннің 100 жылдығы құрметіне өткізілген республикалық айтыстарда, телевизиялық айтыстар да сан мәрте топ жарды.

Шығармалары

Бастау. Сықақ өлеңдер. А., «Жалын», 1980
Көршілер. Повесть пен әңгімелер. А., «Жалын», 1987
Алаңғасар. Әзіл-сықақ әңгімелер мен скетчтер. А., «Өнер», 1989
Қонысбайдың қалжындары. Әзіл, қалжың, қағытпалар. Астана, «Елорда», 2000.«Жетпіс жетінің жігіттері» повестер мен әңгімелер, Астана, «Фолиант», 2001 ж;«Топ жардым туын жықпай туған елдің...», өлеңдер, толғаулар, айтыстар, Астана, «Фолиант», 2004 ж;«Әй-әй ақын» әлдіі», өнербаян, Астана, «Сары-Арқа», 2008 ж.

Марапаттары

Айтыс өнеріне сіңірген зор еңбегі үшін
1990 жылы «Қазақстанның халық ақыны» атағына ие болды.
1998 жылы "Астана" медалі,
1989 жылы «Арқалық қаласының құрметті азаматы»,
Парасат ордені
2001 жылы "Қазақстан тәуелсіздігіне 10 жыл" медалі,
2005 жылы "Қазақстан конституциясына 10 жыл" медалі,
2004 жылы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының «Ана тілі» медалі,
2004 жылы «Торғай қаласының құрметті азаматы»
2008 жылы "Астанаға 10 жыл" медалі,
2015 жылы "Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы" медалі,

МАЗМҰНЫ

1.	Арқада еңсе көтерген.....	6-7
2.	Ақберген жырға адалдық (Айтыскердің шығармашылығы жайлы).....	8-12
3.	Қоңысбай Әбілдің шығармалары.....	13-15
4.	Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары.....	16-19
5.	Ол туралы.....	20-21
6.	Естелік фото – суреттер.....	22-27
7.	4. Жыр қанатын талмасын! (Өлеңдер, арнаулар, әзілдер).....	28-34
8.	Жүрекжарды лебіздер.....	35
9.	Торғайдан, түлеп, топ жарған.....	36-38
9.	жазушы шағармашылығы жайлы.....	39

*Құрастырушы: Көшкінбай С. М.
Мұқабаны безендірген: Көшкінбай С. М.
Редактор: Құсайын Д. Е.
Шығарылымға жауапты: Құсайын Д. Е.
Басуға қол қойылды 29.04.2024
Таралым 5
Басылым: ксерокс*

*Біздің кітапхананың мекен-жайы:
110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Родина ауылы
Гагаринакөшесі, 21. Тел. 2-10-18
E – mail: cbs10@mail.ru*

